

Figure 3 states that the minimum possible volume of the total loans in October 2014 is 13901323million tenge, November 2014 - 14018203, and for December 2014 - 14135082 million tenge.

In conclusion, the major types of loans (in the national currency, in the foreign currency, short-term; for nonbanking legal entities; for individuals) as well as the total volume of loans to the economy has grown since January 2012. Moreover, the total amount of loans depend on loans in the national currency, and in the foreign currency. Finally, the minimum prediction for the medium- and long-term loans market for December 2014 is 14,135,082 million tenge.

References

1. *Bhole L.M. (2004) Financial Institutions and Markets: Structure, Growth and Innovations*, 4th edition. New Delhi, India: Tata McGraw-Hill Publishing Company Limited.
2. *Kaplan S.S. (2001) Investment Management*. New Delhi, India: Sarup & Sons.
3. OECD (2006)*Policy Framework for Investment A Review of Good Practices: A Review of Good Practices*. Paris: OECD Publishing.

Абралиев А.

АНАЛИЗ ПОТЕНЦИАЛОВ РЫНКА КРЕДИТОВАНИЯ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

Аннотация В статье рассматривается состояние рынка кредитования в Республике Казахстан. В данной работе проведен анализ тренда рынка кредитований и сделан прогноз минимального уровня объемов кредитов, которые выдадут за 2015 год.

*Ключевые слова:*рынок кредитования, прогноз на 2015 год, кредиты экономике, модель прогнозирования, финансовый рынок.

Абралиев А.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ НЕСИЕЛЕУ НАРЫҒЫНЫҢ ӘЛЕУЕТТІК САРАПТАМАСЫ

Аңдатпа Мақалада Қазақстан Республикасында нарықтағы несиелеудің жағдайы қаралған. Бұл жұмыста нарықтағы несиелеудің тренді талдалған және несиелеудің 2015 жылы берілетін ең төменгі деңгейіне болжау жасалған.

*Кілт сөздер:*несиелеу рыногы, 2015 жылға болжау, экономикадағы несиелеу, болжау моделі, қаржы нарығы.

УДК- 342.7

Бекбергенова А.К.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

АДАМ МЕН АЗАМАТТЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕСІНІҢ НЕГІЗДЕРІ

Аңдатпа

Аталған мақалада адам мен азаматтың құқықтық тәрбиесінің негіздері және адам мен қоғамның бір-бірімен тығыз байланыстылығы жайында айтылған. Барлық қазіргі заманға сай конституцияларда адам мен азамат құқықтары мен бостандықтары алғашқы бөлімдерде

келтірілгендігі жайында жазылған. Тақырыптың әдістемесі, адам мен азаматтың құқықтық тәрбиесіне байланысты мәселелерді талдау.

Кілт сөздер: Конституция, мемлекет, президент, адам, азамат, құқық, тәрбие.

Кіріспе

Адам мен қоғамның бір-біріне тығыздығы ондағы күнделікті қарым-қатынастар өткен ғасырларға шолу жасасақ, «Қасымханның қасқа жолы», «Тәуке ханның Жеті жарғысынан» бастау алып, адам мен азаматтың құқықтық тәрбиесін қалыптастырып кеткен.

Егеменді еліміздің басты құжаты Ата Заңымызда: «Мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы – халық» - делінген. Елбасының жыл сайынғы Қазақстан халқына жолдаған жолдауларында адам құқығын сақтау, елімізді одан әрі жаңарту мен демократияландыру күн тәртібіндегі мәселе екендігі айтылған. Қоғамда адамдардың саяси сауатын ашу бүгінгі күннің басты талабы деп білемін. Себебі, әрбір адамды индивид деп қарасақ, адам құқығын емес бірінші міндетін білуі керек. Қоғамдық мәдениетті сақтай отырып, «демократия» сөзінің мағынасын да тереңінен ұғынуы тиіс.

Мемлекетте демократияның басты негізі жеке тұлғаның құқықтық жағдайы болып табылады. Барлық қазіргі заманға сай конституциялар, оның ішінде Қазақстан Республикасының Конституциясы да бұл мәселеге ерекше назар аударады. Көпшілігінде адам мен азамат құқықтары мен бостандықтары алғашқы бөлімдерде келтірілген, бұл мемлекеттің жеке тұлғаның құқықтық жағдайына қаншалықты қарым-қатынаста болатындығын көрсетеді. Көпшілік мемлекеттер Конституциясымен қатар оның құрамдас бөлігі ретінде негізгі құқықтар мен бостандықтарды жеке құжаттарда көрсету орын алады. Бұған, атап айтқанда 1789 жылғы француздың Адам мен азамат құқығы Декларациясын, 1982 жылғы канадалық Құқық пен бостандық хартиясын, 1992 жылғы Негізгі құқықтар мен бостандықтар Хартиясын жатқызуға болады. Бұл қадам басқа да конституциялық жағдайлардан жеке тұлғаның құқықтары мен бостандықтарын бөліп алып қарастыруға мүмкіндік береді. Қазақстандық заңдық ғылымдарда конституциялық әділет органдарының қызметі, олардың жеке аспектілері, сонымен бірге адам құқықтарын қорғаудың жағдайлары зерттеушілердің назарын тек кейінгі уақытта ғана өзіне бұрды. 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған Конституция жеке тұлғаның құқықтық мәртебесін реттеуде ірі қадамдардың бірі болды. Ол тек адам құқықтары облысында халықаралық құжаттардың ойларын ғана емес, сонымен қатар елдегі әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайлардың конституциялық дамуының бұрынғы тәжірибесін де есепке алды. Конституциялық құқықтар мен бостандықтарды қазіргі уақытта қорғау жүйесі көп деңгейлі сипатта көрінеді.

Қазақстан Республикасының Конституциясы ең жоғары құндылық ретінде адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары деп бекітті. Бұл қағида демократиялық мемлекеттің қызметі мен оның халықаралық- құқықтық міндеті. Конституцияда бекітілген жеке тұлғаның құқығы оны жүзеге асыру мен қорғаудың тиімді механизмін құруды болжайды. Адам құқығы, оны сақтау мен кепілдік беру бүгінгі таңдағы маңызды мәселелердің бірі. Адам құқықтарын сақтаудың шындық жағдайы- демократияның маңызды көрсеткіші, оның кемеліне келуі мен руханилығының белгісі. Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы “Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық Өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері” атты халыққа жолдаған жолдауында Стратегиялық жоспарын іске асырудың базалық шарттары экономиканы жаһандық қалпына келтіруге дайындау және оның сыртқы сынақтарға тұрақтылығын арттыру үшін біртұтас үш міндеттің бірі: сенімді құқықтық орта қалыптастыруды жалғастыру екендігі айтылған. Жалпы, адам құқығын қорғап, бостандығын ардақтау азаматтардың лайықты өмір сүріп, бай-рақатты тұрмыс кешуіне ахуал қалыптастыру - әлемдік қауымдастыққа көшін ұластырған Қазақстанның алдына қойған асыл мұраты.

Сонымен қатар конституциялық құқықтар, бостандықтар мен міндеттерді жүзеге асыру объективтік және субъективтік факторлардың бірлігіне де байланысты. Демократиялық

қоғам құру жолындағы Қазақстан үшін аталған мәселені шетелдік тәжірибені қолдана отырып шешу тиімдірек екені сөзсіз. Қазақстан Республикасының халықаралық байланыстары, мемлекет азаматтарының шетел азаматтарымен арасындағы қарым-қатынасы бұл тәжірибеге әсерін тигізіп қана қоймайды, сонымен бірге оған ылғи да жол ашуды көздеп отырады. Адам құқығы-қазіргі замандағы өзекті мәселелердің бірі. Мемлекет те, партия да, жеке лауазымды тұлға да емес, жеке қарапайым адам өзінің құқықтары мен бостандықтары арқылы кез келген қызмет ортасында болуы керек. Адамның негізгі құқықтары мен бостандықтарына қол сұғылмайды және ол адамның туған сәтінен бастап өзіне тиесілі. Кез келген адам мен азамат негізгі құқықтар мен бостандықтарды пайдалана алады. Демократиялық құқықтық мемлекеттің заңдылықтары адам мен азаматтың құқықтары мен бостандығының теңдігіне, яғни оның ұлтына, нәсіліне, жынысына, тіліне, мүліктік және қызметтік жағдайына қарамастан кепілдік береді, тілдік, діндік, ұлттық, нәсілдік, әлеуметтік белгілеріне қарамастан оның құқықтарына шек қоюға тыйым салынады. Адам қоғамы мыңдаған жылдар бойы-сонау көне дәуірден қазіргі заманға дейін әлеуметтік нормалар арқылы басқарылып келді. Сондықтан жеке адамның құқығы мен бостандығы туралы теорияның мыңдаған жылға созылған тарихы және мол тәжірибесі бар. Адам құқығы - тарихи, табиғи, объективтік құбылыс. Сондықтан әлеуметтік норма әр уақытта даму процесінде болады. Әлеуметтік норма адам қоғамымен бірге дамып, бірге өзгеріп, бірге өмір сүріп келеді. Қоғам дамып, нығайып, жақсарған сайын әлеуметтік норма да дамып, нығайып жақсарады, оның әділеттік, бостандық, демократиялық шеңбері де, кеңістігі де молаяды, күрделенеді.

Қазіргі заманғы халықаралық құқықта адам құқына қатысты тұтастай құқықтық актілер кешені қалыптасты. Халықаралық құқық нормалары нақты мемлекеттегі адам құқын тікелей реттемейді. БҰҰ Жарғысы (1-баптың 3-тармағы) мемлекеттерді олардың аумағында тұратын барлық адамдардың, қандай да болсын кемсітуге жол берместен негізгі құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуге міндеттейді. БҰҰ шеңберінде осы мәселе бойынша: «Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы» (1948 ж.), «Адамдардың экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтары туралы», «Адамдардың азаматтық және саяси құқықтары туралы» (1966), «Балалар құқы декларациясы» (1959), «Әйелдердің саяси құқы туралы конвенция» (1954 ж.) және басқа бірқатар құжаттар қабылданды. Алайда «азаматтың құқы» азаматтың құқынан ерекшеленеді, өйткені мемлекет азаматқа мейлінше кең құқықтар мен бостандықтар беріп, мемлекеттің өз азаматтарына деген ерекше қатынастарына орай оған айрықша міндет жүктейді. Міне, осы негізде Қазақстан Республикасының Конституциясы жеке тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарын қалыптастырады. Қазақстан Республикасының Конституциясы адам құқы туралы халықаралық құжаттардың негізгі идеялары мен қағидаларын қабылдады және оны мемлекеттік өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып нығайтты.

Қазақстан Республикасында адамдар мен азаматтардың Конституция мен заңдарда бекітілген құқықтары мен бостандықтарын қорғау мен жүзеге асыруды қамтамасыз етуі тиіс мемлекеттік институттар құрылады және жұмыс істейді. «Қоғам әрбір қадам басқан сайын демократияландыру мен адам құқықтары саласындағы ең жоғары стандарттарға жақындап келеді. Біз ел Конституциясында негізгі құқықтар мен бостандықтарды бекіттік. Бүгінгі күні Қазақстанның барлық азаматтары тең құқықтар мен мүмкіндіктерге ие»[1].

Конституцияда мемлекеттің адамға және азаматқа қатынасы туралы қағида орнықтырылды. «Адам құқықтары мен бостандықтары әркімге тумысынан жазылған, олар абсолютті деп танылады, олардан ешкім айыра алмайды, заңдар мен өзгеде нормативтік құқықтық актілердің мазмұны мен қолданылуы осыған қарай анықталады» (12-бап, 2-тармақ). Бұл адамның табиғи құқын мемлекеттік тану және бастау алар қайнар көзі болып табылады және Конституция «Адам және азамат» деген II тарауының мазмұнын белгілейді. Мұнда адам құқымен бірге азаматтық да құқы мен міндеті туралы айтылады. «Республиканың азаматы өзінің азаматтығына орай құқықтарға ие болып, міндеттер атқарады» (12-бап, 3-тармақ). Сөйтіп, аталған бөлімде Қазақстанның конституциялық заң

тарихында бірінші рет азаматтардың құқықтары және міндеттерімен бірге «адам құқы» ұғымы бірінші рет танылды. Сөз жоқ, «адам құқы» мен «азамат құқы» ұғымы бір-біріне жақын және табиғи түрде ұштасқан ұғымдар. Азамат деген – адам. Сондықтан, адамға қатыстының бәрі де азаматқа да қатысты. Адамға тумысынан жазылған, абсолютті деп танылған және олардан ешкім айыра алмайтын құқық пен бостандық Қазақстан Республикасының азаматына да тән. Сонымен бірге табиғи құқықтар мен бостандықтар шетел азаматтарына және азаматтығы жоқтарға да берілген. Егер құқықтар, бостандықтар мен міндеттер баршаға қатысты болса, онда «барлығы», «адам», «еркім», «ешкім де емес» деген терминдер қолданылады. Егер де құқықтар, бостандықтар мен міндеттер тек Қазақстан Республикасы азаматтарына қатысты болса, онда ол туралы көрсетіледі. 13-бапта: «Әркімнің құқық субъектісі ретінде танылуы құқығы бар және өзінің құқықтары мен бостандықтарын, қажетті қорғанысты қоса алғанда, заңға қайшы келмейтін барлық тәсілдермен қорғауға хақылы» делінген, 14-бапта: «Заң мен сот алдында жұрттың бәрі тең» екендігі айтылады. 17-бапта былай жазылған: «Ешкімді азаптауға, оған зорлық, зомбылық жасауға, басқада қатыгездік немесе адамдық қадір-қасиетін қорлайтындай жәбір көрсетуге не жазалауға болмайды» [2]. Сонымен бірге, егер әңгіме тек азаматтардың құқықтары мен бостандықтары туралы болса, онда бұған айрықша мән беріледі. Өйткені, Қазақстан Республикасының азаматын қандай жағдайда болмасын азаматтығынан айыруға болмайды (10-баптың 2-тармағы). Конституцияда республика азаматының әскери қызметті өтеуге міндеті айрықша атап көрсетілді (36-бап) және т.б. Қазақстан Республикасы бойынша, шетел азаматтары және азаматтығы жоқ адамдар – адамдардың арнаулы мәртебені иеленген ерекше тобы. Айталық, Конституцияның 12-бабында айтылғандай, Конституцияда, заңдарда және халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар Республикада азаматтар үшін белгіленген құқықтар мен бостандықтарды пайдаланады, сондай-ақ міндеттер атқарады. Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын нығайта отырып, халықаралық актілердің нормалары мен принциптеріне сүйенеді.

Аталған және басқа халықаралық актілер мынадай негізгі құқықтар мен бостандықтарды жариялайды; кез келген адам өмір сүруге, бостандыққа және жеке басына қол сұғылмауына құқылы; ешкім де азапталмауы, қадір-қасиетін кемсітетіндей көз алартушылыққа және жазаға ұшырамауы тиіс; барлық адамдар заң алдында тең, заңмен тең дәрежеде қозғалуға құқылы; кез келген адам тұратын орнын мемлекет шегінде еркін алмастыруға және тандауға құқылы; кез келген адам өмірінің, отбасының және басқаларының денсаулығы және тұрмыс жағдайын қолдауға қажетті өмірлік деңгейде еңбек етуге, білім алуға, дем алуға құқылы. Халықаралық-құқықтық құжаттар адам құқы мен бостандығын ең жоғары құндылық деп таниды.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан - 2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. // Егемен Қазақстан, 15 желтоқсан 2012, 8 бет. 6-б
2. Сапарғалиев F.C. ҚР Конституциялық құқығы. А., 2004 ж.

Бекбергенова А.К.

ОСНОВЫ ВОСПИТАНИЯ ПРАВОВОГО ГРАЖДНИНА

В данной статье которая именованная, основы воспитания правового человека и гражданина и человек говорился первый-первый моей рогазы на плотном месте связанности. В начальных частях приведены примеры о нынешних конституциях, свободы и правы

человека и гражданина. Методика темы, человек воспитанию правового гражданина связываться вопросы обсуждать.

Ключевые слова: Конституция, государство, президент, человек, гражданин, право, воспитания.

Bekbergenova A.K.

LEGAL BASES OF EDUCATION OF THE CITIZEN

In the article that named, bases of education of legal man and citizen and man the first-first was talked my rogozy on the dense plase of tie-up. In the initial parts of the examples of the current Constitution, the freedoms and rights of man and citizen. Methodology threads person education legal citizen svyazyvaetsya discuss issues.

Keywords: Constitution, state, president, man, citizen, right, educations.

УДК 631.15

Бекбосынова А.Б.

Казахский национальный аграрный университет

ОСНОВНЫЕ ПРИНЦИПЫ КООПЕРАЦИИ В СЕЛЬСКОМ ХОЗЯЙСТВЕ РК

Аннотация

В статье рассмотрены основные принципы развития и эффективного функционирования кооперации в аграрном секторе экономики РК.

Ключевые слова: кооперация, фермерские хозяйства, аграрный сектор, государственное регулирование, себестоимость, цена, ресурсный потенциал, эффективность.

Введение

Аграрная политика страны направлена на обеспечение устойчивого и эффективного функционирования АПК в целях удовлетворения потребности населения продовольствием, формирования высокой мотивации труда его работников и развития сельских территорий. При этом сельское хозяйство рассматривается не только с позиции производства сельскохозяйственной продукции, но и как сложная многофункциональная система, выполняющая различные функции: сельскохозяйственную и несельскохозяйственную деятельность, демографическую, трудо-ресурсную, экологическую, природоохранную и др. На первый план выдвигаются социальные вопросы – обеспечение максимальной занятости труда, достойной оплаты его, доступ к образованию, здравоохранению, культуре, преумножению собственности. В их решении следует исходить из сложившейся ситуации в АПК РК.

Агропромышленный комплекс страны характеризуется низкой эффективностью производства, отсутствием механизмов стимулирования эффективного использования ресурсного потенциала, отсталой техникой и технологией, низкой конкурентоспособностью, преобладанием в структуре производимой сельскохозяйственной продукции мелких крестьянских хозяйств и личных подворий, неразвитостью рыночной инфраструктуры.

В преодолении негативных процессов в сельском хозяйстве и переводе его на индустриально-инновационный путь развития важная роль должна быть отведена развитию крупных производств на основе кооперации. Объединение мелких крестьянских хозяйств и хозяйств населения в кооперацию позволит использовать преимущества крупных производств, создает предпосылки для эффективного использования ресурсного потенциала,